

БЕРІКБАЙ САҒЫНДЫҚҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін журналистика мамандығы бойынша бітіріп, әдебиеттану ғылымының асқан білімпазына айналған ғылым қайраткерлер бар, ақындық өнердің өріне шыққан өнерпаздар да аз емес. Ал енді университетті журналистика мамандағы бойынша бітіріп, түркология ғылымының түркі тілдері бойынша таңдаулы тұлғаларының бірі болған ғұлама Қазақстан ғылымында, қателеспесем, жеке дара біреу ғана. Сол жеке дара саңлақ - Берікбай Сағындықұлы.

Берікбай Сағындықұлы 1957 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (ол кезде – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) оқуға түсіп, өз заманының үздік ғұламаларынан білім, тәлім-тәрбие алды. Университетті бітірген соң, Қазақстанның бас газеті «Социалистік Қазақстанда» (қазіргі «Егемен Қазақстан») әдеби қызметкер болып қызмет етіп, үлкен шығармашылық тәжірибе жинақтады, мандайалды стилист болып қалыптасты. Бекең ендігі тұста ғылымға көңіл қою керектігін ұқты. Соған байланысты іштей Ғылым академиясында қызмет істеу туралы шешімге келеді.

Берікбай Сағындықұлының журналистикадан тіл біліміне, түркология ғылымына келуінің ғибратты тарихы бар. Ғылым академиясында қызмет істеу туралы мақсатына сай Бекең 1971 жылы Академияның Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтына келеді. Алдымен бөлім меңгерушісі, профессор Ахмеди Ысқақовқа жолығып, көздеп келген мақсатын айтады. Ол кісі: «Біздің бөлімде бос орын жоқ. Ал аспирантурада орын болып қалуы ықтимал. Институт директорының орынбасары Әбдуәли Қайдаровқа барыңыз», - деп кеңес береді.

Республиканың бас газетінде он жыл қызмет істеп, кісімен сөйлесудің, пікірлесудің, кеңесудің жөнін, ретін жете біліп, бұл бағытта жеткілікті тәжірибе жинақтап алған Бекең сөз ретіне қарай өз тілегін білдіреді:

- Аға, «танымасты сыйламас» деген, бастығыңыз бар орынды жоқ деп айтып қалса қайтем. Айып болмаса, өзіңіз ертіп барсаңыз.

Ахмеди Ысқақов Бекеңе:

- Ол жігіт бір кезде менің шәкіртім еді, - деп жымыш күліп, Берікбай Сағындықұлын институт директоры орынбасарының алдына алып барады.

Бекеңнің ғылымдағы жолы осылай ашылды. Көп ұзамай түрколог ғалым Әмір Нәжіпұлы Нәжіптің ғылыми жетекшілігімен зерттеу жұмысын бастады.

Берікбай Сағындықұлы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтының тапсырысымен КСРО ҒА Шығыстану институтының аспирантурасын ойдағыдай бітірді, 1977 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, атақты түрколог ғалым Э.Н. Наджиптің ғылыми жетекшілігімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «ХІҮ ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген

тақырыпта диссертация қорғады. Бұл Қазақстан тіл білімі саласында бұрын зерттелмеген, әлеуметтік мәні зор, өзекті тақырып еді. Жас ғалым «Махаббат-нама», «Хұсрау мен Шырын», «Гүлстан» ескерткіштерінің лексикалық бірліктерін өзара салыстыра зерттеу негізінде ғылыми маңызы жоғары, ірі мәселені шешіп, тюркологияның теориясы мен тарихы туралы ғылыми қағидалардың қорын жаңа ойлармен, жаңа тұжырымдармен байытты. Сөйтіп тюркология ғылымының кеңбайтақ кеңістігіне шықты.

1975-1979 жылдары Берікбай Сағындықұлын ғалым әрі әдеби және ғылыми стильдің белгірі ретінде Ғылым академиясы арнайы қалап алып, «Ғылым» баспасына әуелі редактор, сонан кейін редакция меңгерушісі қызметіне тағайындады. Бекен «Ғылым» баспасының жұмысын өз редакциясы бойынша жаңа сапа деңгейіне көтерді, өзі де тәжірибесін байытып, ғылыми-зерттеу өрісін кеңейтті. 1979 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасына ұстаздық қызметке келгенде, ол тюркология, қазақ тіл білімі саласындағы зерттеулерін ғылыми қауым жете таныған белгілі ғалым еді. Университеттегі ұстаздық, ғылыми-педагогикалық жұмыс барысында ғалым студенттерге арналған арнаулы пәндердің мазмұнын анықтады, лекцияларын дайындады, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1994 жылы «Қазақ тілі лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» деген тақырыпта ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докторлық диссертация қорғады. Тюркология, қазақ тіл білімі үшін Берікбай Сағындықұлының бұл еңбегінің де ғылыми, әлеуметтік маңызы жоғары еді. Докторлық диссертацияда негізделген ғылыми пікірлер, ойлар, тұжырымдар, қағидалар қазақ тіл білімінің дамуына лайықты серпін берді, қазақ тілінің лексикологиясын зерттеу саласында бағалы жаңалық болды.

«Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деп аталатын монографиясында ғалым қазақ тілі лексикасының ішкі даму заңдылықтарын, түбірлердің ғасырлар бойы өзгеру, қалыптану, бір қалыптан екінші қалыпқа көшу эволюциясын түркі тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде зерттейді. Зерттеуде автор силлабофонемалар, ежелгі түбіртектер, олардың тұқылдары туралы өзінің теориясын жасады. Сол теория көмегімен байырғы фонемалар, морфемаларды әуелгі қалпына келтіріп, олардың даму сатыларын, кезеңдерін анықтады. Тілдегі аффрикаттардың тарихқа белгісіз ескі дәуірден қазіргі қалпына дейінгі даму үдерісінде бастан өткерген төрт кезеңін, ол кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін анықтады, сөз құрамындағы өзгеру механизмдерін айқындайтын басты заңдылықтарды ашты.

Тюрколог ғалым сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістер жайын тарихи-салыстырмалы жүйеде қарастырғанда, дыбыстар (дауысты, дауыссыз) деңгейінің өзінде тамыры терең құбылыстардың сыны мен сырына бойлайды, **й-дж-ж-т-д...** дауыссыз дыбыстар сәйкестігінің түптегін, архетипін анықтады.

Түбіртектердің түркі халықтары тілдерінің даму тарихында тұлғалық, мағыналық жағынан жіктелуі мен бөлшектену жүйесі, өзге түбіртектермен бірігу және кірігу жолдары сияқты күрделі, күрмеуі көп, қиын ғылыми

мәселені зерттеді. Тіл білімінің тарихы мен теориясындағы арғы-бергі кезеңдердің жетістіктерін, сан алуан амал-тәсілдерін басқа ғылым салаларының жетістіктерімен сабақтас пайымдай отырып, зерттеуші бұл жолы да жаңа нәтижелерге жетті. Бір дауысты мен бір дауыссыздың тіркесінен тұратын кейбір түбіртектер тарихи даму барысында тұлғасы жағынан өзгерістерге түскенімен, ілкідегі лексикалық немесе грамматикалық мағынасын сақтап қалатыны туралы маңызды теориялық тұжырым жасады. Белгілі бір ұғым негізінде туған мағыналарды білдіретін түбіртектерді топтастырып, олардың даму тарихының кезеңдерін өрнектеді. Осы бағыттағы ізденістерінің бір саласында автор **АТ[С/Ш]~Т[С/Ш]А** түбіртектерінің тарихын таразылайды, олардан пайда болған **ац-ца, ач-ча, ат-та, ас-са, аш-ша** түбіртектерін сараптайды, осы түбіртектердің қай-қайсысы да **күн** ұғымының негізінде туындағын мағыналарды білдіретіні туралы ғылыми пікірін дәйектеді.

Зерттеушінің белгілі бір нәтижеге жетуі - басты көрсеткіш. Оны айту маңызды. Сонымен қатар, әсіресе, көпшілік қауым үшін сол нәтижеге жету жолындағы ғылыми-зерттеу үдерісін, ол үдерістің мазмұнын, мәнін, тіпті кейбір нақты бөлшектердің, ұсақ тетіктердің қызметін білу де маңызды. Осы жайларды ескеріп, Берікбай Сағындықұлы жоғарыда көрсетілген **АТ[С/Ш]~Т[С/Ш]А** түбіртектерден таралған туынды түбіртектердің **күн** ұғымының негізінде пайда болған мағыналарды білдіруінің сырын тілдік фактілерді тарихи-салыстырмалы жүйеде талдау арқылы түсіндіреді. **Күн** сөзі фонетикасы, морфологиялық құрылымы, семантикасы жағынан жүйесі басқа-басқа тілдерде де бірдей формада, бірдей мәнде қолданылатынына көз жеткізеді.

Зерттеу жұмыстардың бір қырын ғалым *лақ* сөзі деңгейінде ашады: бастапқы түрі «оғуллақ» болып айтылған *лақ* сөзінің этимологиялық негізін мынадай иерархия бойынша пайымдайды: **оғул-лақ → оғу-лақ → оғы-лақ → о-лақ → ұ-лақ → ы-лақ → лақ**. Осы үлгімен зерттеуші қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің этимологиялық тарихының тұтас бір жүйесін анықтайды, зерттеу нысанына алынған әр сөздің, түбіртектің түп-түқиянынан қазіргі қалпына дейінгі қалыптану жолдарын, оларға тән заңдылықтарды ашады.

Қазақ тілінің **Т[С/Ш], ТС(ц), ДЗ, ТШ(ч), ДЖ** және басқа аффрикаттарын қазіргі қалпынан түптегіне дейін барлап, түптегінен бері қарайғы қалыптану кезеңдерін кезең-кезеңге бөліп саралау, түркі тілдерінің (отызға жуық тіл) тарихи даму кеңістігінде салыстырмалы талдау, оларды зерттеудің жолын, әдістері мен тәсілдерін табу, олардың туу, қалыптану, даму заңдылықтарын ашу – зерттеушіден түркологияның тарихы мен теориясы бойынша терең білімді, іргелі ізденісті, ерен еңбекті талап еткен өте күрделі, көпқатпарлы, инемен құдық қазғандай қиын жұмыс. Еңбекқор ғалым осындай өте күрделі, қиын деген ғылыми-зерттеу жұмысында да елеулі табыстарға жетті. Талдау барысында түркологтар арасында ғасырдан астам уақыт бойы талас пікірге негіз болып келген өзекті теориялық мәселенің шешімін тапты, түркология ғылымының теориялық қорын маңызы зор жаңа

ғылыми қағидалармен байытты.

Зерттеуші байырғы түбірлер мен қосымшалардың арасындағы сабақтастықтарды қарастыра отырып, кейбір дербес сөздердің жұрнаққа немесе жалғауға айналу үдерісінің кезеңдерін анықтау мен көне түбірлер мен жаңа түбірлердің генетикалық ішкі байланыстарын салалап, саралауда да үлкен жетістіктерге жетті.

Ғылымда заңдылық деңгейінде қалыптасқан күрделі де іргелі құбылыстың ақиқатын оның бөлімдері, бөлшектері деңгейінде деңгейінде анықтау мүмкін емес. Мұндай құбылысты түгел қамтып, оның заңдылығын құрамдас бөлімдері мен бөлшектерінің өзара байланыстары, қатынастары, тұтастығы жүйесінде зерттеуге ғана ойдағыдай нәтижеге жеткізеді. Берікбай Сағындықұлы түбіртектер туралы теориясын осындай методологиялық ұстанымға, пәнаралық зерттеу қағидаларына, математикалық логика, математикалық модельдеу қисындарына сүйене отырып жасады.

Зерттеуші түркология, қазақ тіл білімі саласында іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар орта ғасырдағы жазба әдеби ескерткіштердің транскрипциясын, аудармасын, түсіндірмелі, алфавитті, кері алфавитті жиілік сөздіктерін жасап, баспадан шығарып, олардың кең ауқымдағы ғылыми айналымға түсуіне атсалысты. Орта ғасырдың жазбаша ескерткіштерін түпнұсқадан оқу, дәлме-дәл аудару, әр сөздің мағынасын ашып, сөздік құрастыру - ғалымның кәсіби құзіреттілігінің саралығын тағы бір қырынан танытты.

Ғалымның Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастанының транскрипциясын, аудармасын жасауы, зерттелу тарихын зерделеуі, ғылыми сипаттамасын жазуы, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін анықтауы, түрікше-орысша-қазақша, арабша-орысша-қазақша, парсыша-орысша-қазақша сөздіктерін беруі - өз алдына аса аумақты, жауапкершілігі мол және игілікті жұмыс.

Түрколог ғалымдардың арасында Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы), Махмұт Қашқаридың «Диван-у лұғат-ит турк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармаларының қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылғаны туралы пікірдің барын айта келіп, ғалым бұл пікірдің қателігін бұлтартпас тілдік фактілермен дәлелдейді. «Біздің ұзақ жылдар бойына жүргізген зерттеулеріміз бұл пікірдің қате екендігін көрсетіп отыр», - дейді зерттеуші Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) туралы еңбегінде. Ойын ары қарай сабақтай отырып, В.В. Бартольдтің тұжырымына сүйенеді: «Аты әлемге әйгілі академик-тарихшы В.В. Бартольд былай деп анық жазады: «...не подлежит сомнению, что подданные караханидов не называли себя уйгурами и что для Юсуфа Баласагунского язык, на котором он писал, не был уйгурским». Бұл сөз аталған үш жәдігерліктің үшеуіне де ортақ. Қарахан дәуіріндегі әдебиет пен ғылым туындыларын «ұйғыр тілінде жазылған» деу шындыққа жанаспайды».

Ғалымның ойы негізді, пікірі дәлелді. Аталған ескерткіштердің тілі туралы негізді ойын, дәлелді пікірін айта білу де түрколог ғалымның ғылыми көзқарасының саралығын, азаматтық ұстанымының беріктігін көрсетеді.

Рабғузидің «Қиссас-ул анбийа» еңбегін зерттеп оқу, зерделеп түсіну Берікбай Сағындықұлының жандүниесін нұрға бөлеп, ғылыми зерттеулерінің өрісін кеңейтті, арнасын тасытты. Теология саласындағы «Ғаламның ғажайып сырлары» атты іргелі еңбегі, Қорқыт атаның өмірі мен шығармашылығы, ойшылдығы туралы ойлары мен толғаныстары ғалымның ғылыми шығармашылығының айрықша айдынды арнасына айналды.

Берікбай Сағындықұлы «Ғаламның ғажайып сырлары» еңбегінде Алла мен адам туралы теологиялық, антропологиялық мәні терең ойлар айтады. Ол ойлардың байыбына бару кісіні ойландырады. Мысалы, ғалымның адам баласының ата-анадан құл болып туатыны және одан ешқашан қашып құтыла алмайтыны туралы ойы кімді де болса ойландырмай қоймайды. Одан ары қарай автор дүние есігін осылай ашқан адам баласының өсе келе я құдайдың, я адамның, я шайтанның, я дүниенің құлына айналатыны туралы келесі ойын ұсынады. Бұл ойды да ойланбай, ойсыз қабылдау қиын. Бұл ойлармен келіспеген жандардың болуы ғажап емес. Олай болғанда да автор сабырлы қалпында: «Жаратылыс заңы сондай», - дейді. Расында, тірі адамның тіршіліктегі ісіне, пиғыл-ниетіне қарап, оның кімнің құлы екендігін ажырату онша қиындыққа түспейді екен. «Өкініштісі, - дейді ғалым, - пенде өзінің кімнің құлы болып жүргенін біле бермейді және білгісі де келмейді».

Рас сөз. «Рас сөз ешуақытта жалған болмас». Бұл да рас. Кімнің құлы болып жүргенін білмеген пенде рас сөздің қадірін біле ме.

Көрнекті түрколог ғалымның әр еңбегі – шығармашылық туынды. Онда зерттеу нәтижелері ғана емес, автордың ойлау ерекшелігі, талдау мен жинақтау өнері, кісілік келбеті де көрініс тапқан. Автордың ойлауы терең, талдау мен жинақтауы жүйелі, кісілік келбеті кемел.

Берікбай Сағындықұлы әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерішісі, диссертациялық кеңестің мүшесі, кеңес төрағасының орынбасары, кеңес төрағасы ретінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, халық шаруашылығы үшін қазақ тілі мен әдебиетінің сан буын білікті мамандарын тәрбиелеп, өсірді. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, қазақ тілінің тарихы, тарихи фонетика, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикасы, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы, көне жазба ескерткіштер, теология мәселелері бойынша үш жүзден аса еңбектер жазып, жариялады. Олардың ішінде теориялық және қолданбалы маңызы жоғары он екі оқу құралы, үш монография бар.

Берікбай Сағындықұлы «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түбіртек теориясы», «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология», «Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастаны» сияқты тіл тарихы мен теориясы, түркология салаларында онға тарта жаңа оқу пәндерін қалыптастырып, лекция оқыды. Отыздан астам ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады. Қазақ тіл білімінің, түркологияның, қазақ филологиясының дамуына зор үлес қосты.